

## Қызылбұлақ селолық округінің Кемерши елді мекенінде шектеу іс шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қызылбұлақ селолық округі әкімінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қазанда № 3-4-103 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қызылбұлақ селолық округі әкімінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қызылбұлақ селолық округі әкімінің 2010.11.17 № 8 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдесіндегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 10-1, 27, 30 баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 баптарын және Байғанин аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 15 қыркүйек 2010 жылғы № 4-2\621 санды ұсынысын басшылыққа ала отырып, селолық округі әкімі

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қызылбұлақ селолық округінің Кемерши елді мекенінде мүйізді ірі қара малдарынан жұқпалы пастереллез ауруы анықталуына байланысты бұл ауруды басқа елді мекендерге таратпау мақсатында шектеу іс шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Шектеу шаралары бойынша: шектеу жарияланған Кемерши елді мекендер көлемінен ауылшаруашылық малдарын айдап әкетуге, әкелуге, бұл жерлер арқылы өтуге шектеу қойылсын; барлық мал өнімдеріне өндірудің сақтық шаралары жүргізілсін.

3. Селолық округі әкімі аппаратының бас мал дәрігері, бас маманы (М. Абишов) ауырып өлген малдарды көметін мал моласына салып өртеу, елді мекен көлемінде пастереллез ауруына қарсы егу жұмыстарын малдәрігерлік заңдылықтар негізінде жүргізу және ол малдардың ұдайы малдәрігерлік бақылауда болуын қамтамасыз ету, ауру шыққан қожалықтардың ауласын, мал қораларын бұл аурумен күрес ережесіне сай залалсыздандыру шараларын алу т а п с ы р ы л с ы н .

4. Селолық дәрігерлік емхананың бас дәрігері (А.Жұлдызбай) елді мекеннің санитарлық жағдайын бақылауға алу жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

5. Осы шешімнің орындалуын өз міндетіме аламын.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылбұлақ селолық округі әкімі: А.Кабиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК